

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ

**6В04211 – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ
(қос дипломды)**

«Халықаралық құқық» кафедрасы

Цикл	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдері		ECTS барлығы
ТК	ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ (ТК)		5
1	ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК НЕГІЗДЕРІ		
	"Экономика және кәсіпкерлік негіздері" университеттік экономикалық білім беру жүйесіндегі маңызды курстардың бірі болып табылады, ол экономика және бизнес негіздерін игеруді , қазіргі заманғы экономика мен нарық жағдайында бизнес жүргізу әдістерін жан-жақты талдауды, экономикалық жүйелердің барлық түрлерінің жай-күйі мен даму тенденцияларын ашады. Қазіргі уақытта экономикалық және құқықтық қатынастар барған сайын жаһандық және әлеуметтік бағдарланған сипатқа ие. Бұл бағыттың басты еңбегі-әлемдік тәжірибе мен әлемдік стандарттарға жақындауы керек қоғамдық өндірістің барлық алуан түрлілігі мен бірлігінде заңдылықтарды, даму тенденцияларын іздеу. Пәннің мақсаты студенттердің экономика және кәсіпкерлікті зерттеу әдістерін, олардың ғылым мен құндылықтардың жалпы жүйесіндегі орнын, даму тарихын және осы білімді күнделікті өмірде қолдану үшін қазіргі жағдайын зерттеу негізінде экономика және кәсіпкерлік негіздері туралы теориялық және практикалық білімдерін қолдану қабілетін қалыптастыру.	5	
Пәннің кітаппен қамтамасыз етілуі			
1. Мэнкью, Грегори. Экономикс = Economics / Н. Г. Мэнкью, М. П. Тейлор. - 4-халықаралық басылым. - Астана : «Ұлттық аударма бюросы», 2018. - 848 Жак , Жан. Экономика және бизнеске арналған математика:- Алматы: Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. Т.1 /ауд.: Ж. Тасмамбетов, А. Тасмамбетова, А. Жақсылықұлы.- 2016. 440б. 2. Экономика негіздері: оқу құралы / Ж.Я. Әубәкірова [и др.]. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. 3. блэк Джон, Хашимзаде Нигар, Майлз Гарет. Оксфорд экономика сөздігі. Алматы : «Ұлттық аударма бюросы», 2018. – 848 4. Сералиева А. М. Основы экономики и предпринимательства : учебное пособие / А. М. Сералиева, А. Н. Казиева. - Алматы : Альманахъ, 2022. - 218 с.			
2	КӘСІБИ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ НЕГІЗДЕРІ		
	«Кәсіби және зерттеу қызметінің құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы негіздері» - мемлекеттің қазіргі заманғы құқық ғылымы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басымдықтарын көрсететін оқу пәні. Осы пәнді болашақ педагогтерге оқыту үшін құқық мәселелерін зерттеу қызметі дағдыларын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы кез келген көріністерге «нөлдік төзімділікке» тәрбиелеу қажеттігі туралы әлеуметтік сұрауға жауаптың нәтижесі болып табылады.	5	
Пәннің кітаппен қамтамасыз етілуі			
1. Ағыбаев А.Н. Қожаниязов А.Т. Парақорлық үшін қылмыстық жауаптылық. Оқу құралы. - Алматы: Эпиграф, 2019.-160 б. 2. Сыбайлас-жемқорлықсыз білім = Антикоррупционное образование = Anticorruption education: оқу-әдістемелік құралы / Б.Х. Төлеубекова және т.б. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ "Ұлағат" баспасы, 2015. - 192 б. 3. Ағыбаев А.Н. Ответственность за отдельные виды коррупционных правонарушений по новому УК РК: учебное издание/А.Н. Ағыбаев. - Алматы: Эпиграф, 2019. - 88 с 4.Оспанов, Қ. И. Құқық негіздері : Оқу құралы / Қ. И. Оспанов. - 3-бас. - Алматы : ЖШС "Жеті жарғы", 2016. - 304 б. 5.Альжанова А. Н. Основы права : учебное пособие / А.Н. Альжанова, К.К. Райханова. - Алматы : Эпиграф, 2019. - 134 с. 6.Кукеев А. К. Основы права. Практикум : учебно-методическое пособие / А. К. Кукеев. - Алматы : CyberSmith, 2020. - 208 с. 7.Оспанов К. И. Основы права : учебное пособие / К. И. Оспанов. - 5-е изд. - Алматы : "Жеті жарғы", 2019. - 328 с.			
3	ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ		
	«Экология және тұрақты даму» пәні студенттердің табиғи кешендердегі өзгерістерді, олардың себептері мен шешу жолдары туралы тұтас түсініктерін қалыптастыруға бағытталған. Пәнді меңгеруде экологияның негізгі ұғымдарын, экологияның ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуын, сондай-ақ биосфераның ғаламдық экожүйе ретіндегі тұжырымдамасы қарастырылады; қоршаған ортаның ластану түрлерінің жіктелуі берілген, қазіргі заманның	5	

	жаһандық, аймақтық және жергілікті экологиялық проблемалары, олардың пайда болу себептері мен қоршаған ортаның ластану түрлері талданады; жаһандық экологиялық проблемаларды шешудегі халықаралық ынтымақтастық қағидаттары түсіндіріледі.	
Пәннің кітаппен қамтамасыз етілуі		
1. Экология және тұрақты даму: жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық / А.Қ. Саданов және т.б. - Алматы: Эверо, 2019. - 404 б. 2. Мухамединова Н.А. Экология және тұрақты даму: Оқу құралы / Н. А. Мухамединова. - Қарағанды : Medet Group, 2015. - 172 б. 3. Мусина А.С. Экология и устойчивое развитие: учебник / А.С. Мусина. - Караганда: MedetGroup, 2016. - 235 с. 4. Қыстаубаева З.Т. Тіршілік қауіпсіздігі негіздері: оқу құралы / З.Т.Қыстаубаева, А.Ш. Сарсембаева. – Алматы: New book, 2019. – 272 б. 5. Безопасность жизнедеятельности: учебник для студентов учреждений высш. Проф. Образования / Л. А. Михайлов, В. М. Губанов, В. П. Соломин. – М.: Академия, 2013. – 272 с.		
4	ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
	"Қаржылық сауаттылық негіздері" пәні студенттердің жеке қаржыны басқару, бюджетті ұтымды жоспарлау, қаржы құралдарын пайдалану, қаржылық тәуекелдерді бағалау және негізделген экономикалық шешімдер қабылдау бойынша негізгі білімдері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Курста жеке және отбасылық бюджет, оны жоспарлау әдістері, қаржы институттары және олардың экономикадағы рөлі, кірістер мен шығыстар түрлері, оларды оңтайландыру тәсілдері қарастырылады. Пәннің мақсаты – жеке қаржы мәселелерін шешудің тиімді әдістерін үйрету.	5
Пәннің кітаппен қамтамасыз етілуі		
1. Гарман, Е. Т. Жеке қаражат: Оқулық / Е. Т. Гарман, Е. Р. Форг. - 13-бас. - Нұр-Сұлтан : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 632 б. 2. Койбағарова, С. Т. Қаржылық нарықтағы кәсіби қызмет: оқу құралы / С. Т. Қойбағарова, А. О. Демеубаева, Т. И. Исахметов. - Алматы : Лантар Трейд, 2021. - 86 б. 3. Сарқытқан, Қастер. Қазақстанда табысқа жет! Қаржылық сауаттылық және бизнес психологиясы / Қ. Сарқытқан. - Алматы : Kemel kitap, 2024. - 342 б. 4. Переверзев М. П. Предпринимательство и бизнес: учебник / М. П. Переверзев А. М. Лунёва; ред. М. П. Переверзев. - Электрон. текстовые дан. 3,52 МБ. - М: ИНФРА-М 2017. - 176 с. 5. Леонтьев, В. Е. Инвестиции : учебник и практикум для академического бакалавриата / В. Е. Леонтьев. - Электрон. текстовые дан. 9,91 МБ. - М. : Издательство Юрайт, 2019. - 455 с.		
БКПЦ	БАЗАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕР ЦИКЛІ	
ТК	ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ	
1	ЕУРОПАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ	6
	Мақсаты: Еуропалық Одақ пен ҚР заңнамасын жақындастыру қажеттілігіне байланысты ҚР құқығымен салыстырмалы талдау элементтері бар прогрессивті және белсенді дамып келе жатқан құқықтық жүйелердің бірі ретінде еуропалық құқықты қолдану саласында білім алушылардың дағдыларын қалыптастыру және дамыту. Мазмұны: Еуропалық одақ қызметінің негізгі бағыттары. Еуропа мемлекеттеріндегі адам мен азаматтың құқықтық жағдайы. Еуропа мемлекеттерінің Конституциялары. ЕО сот жүйесі. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот.	
2	АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОРҒАУ	
	Мақсаты: адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың негізгі халықаралық-құқықтық тетіктерін, адам құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық құқық пен құқық қолдану практикасының негізгі көздерін зерделеу. Мазмұны: адам құқықтары саласындағы әмбебап ынтымақтастық және бақылау тетіктері. Халықаралық босқындар құқығын қорғау. Әйелдер мен	6

	балалардың құқықтарын Халықаралық қорғау. Азаматтықтың халықаралық-құқықтық мәселелері адам құқықтарының жаппай және өрескел бұзылуына қарсы күресте мемлекеттердің ынтымақтастығы. Шетелдіктердің құқықтық мәртебесі.	
3	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫ	
	Мақсаты: халықаралық кедендік ынтымақтастықтың негізгі бағыттарында білім алушылардың құзыреттерін қалыптастыру және дамыту; кеден сфере саласындағы халықаралық келісімдердің нормаларын қолдануда. Мазмұны: Халықаралық кедендік ынтымақтастықты құқықтық реттеу. СЭҚ кедендік-тарифтік реттеу. Кедендік реттеу жүйесіндегі тарифтік емес шектеу. Еркін аймақтар институты. Халықаралық кедендік ынтымақтастықтағы жеңілдіктер мен артықшылықтар жүйесі. Кедендік төлемдер. Кедендік бақылау. Кеден одағы шеңберіндегі интеграциялық процестердің құқықтық негіздері. Экономикалық контрабандаға қарсы күрес.	5
4	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ	
	Мақсаты: білім алушыларды экологиялық проблемаларды халықаралық-құқықтық шешудің ерекшеліктерімен таныстыру, жекелеген табиғи объектілердің құқықтық режимінің ерекшеліктеріне бағдарлау, экологиялық заңнаманың нормаларын қолдану дағдыларды қалыптастыру. Мазмұны: БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы. Климаттың өзгеруінің халықаралық-құқықтық мәселелері. Дүниежүзілік мұхит халықаралық құқықтық қорғау нысаны ретінде. Жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау, озон қабатын, ғарыш кеңістігін, қоршаған ортаны радиоактивті ластанудан қорғау. Халықаралық ядролық құқық.	5
5	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚҰҚЫҒЫ	
	Мақсаты: студенттердің халықаралық қатынастарды құқықтық реттеу құралы ретінде халықаралық ұйымдардың құқығын түсіну, өз қызметін жүзеге асыру нәтижесінде халықаралық ұйымдар құратын нормаларды қолдану дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: халықаралық ұйымдардың ұйымдық құрылымы. Халықаралық ұйымдардың құқықтық табиғаты. Халықаралық ұйымдарды құру және олардың қызметін тоқтату тәртібі. БҰҰ-ның құқықтық мәртебесі. Аймақтық халықаралық ұйымдар. БҰҰ мамандандырылған мекемелері. Интерпол. Халықаралық экономикалық ұйымдар.	5
6	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНТРАКТІЛІК ҚҰҚЫҚ	
	Пәнді игеру мақсаты шетелдік тұлғалардың қатысуымен шарттық қатынастарды реттеудегі халықаралық келісімшарттық құқықтың рөлі мен маңыздылығын; міндетті қатынастардың ерекшеліктерін анықтау. Сауда мәмілесінің түсінігі мен ерекшеліктері. Коммерциялық құқықтағы шарттардың жіктелуі. Коммерциялық шарттар жасасу ерекшеліктері. Коммерциялық шарттың орындалуы. Коммерциялық шартты өзгерту және бұзу. Тауарларды халықаралық сатып алу-сату шарты. Халықаралық тасымалдау шарты. Франчайзинг шарты (кешенді кәсіпкерлік лицензия). Құзыреттері: халықаралық келісімшарттар жасау, халықаралық келісімшарттарды жасасу және бұзу мәселелері бойынша кеңес беру.	5
	MINOR – ҚОСЫМША ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МОДУЛІ	
	КОММУНИКАТИВТІК-ТІЛДІК МОДУЛЬ 1	
7	ФРАНЦУЗ ТІЛІ. А1 (А1.1) ДЕҢГЕЙІ	
	Мақсаты: сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) бойынша коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру. Мазмұны: студенттерді қарапайым тақырыптарда сөйлесуге, өткен, қазіргі және болашақ туралы айтуға, қарапайым сөздерді түсінуге, іскери	7

	хабарламалар жазуға үйрету. Белгілі бір коммуникативті жағдайларда сөйлеу жаттығулары. Құзыреттер: француз тілінде логикалық тұрғыдан дұрыс және анық жазбаша және ауызша сөйлейді.	
8	ФРАНЦУЗ ТІЛІ. А1 (А1.2) ДЕҢГЕЙІ	
	Мақсаты: еуропалық тілдік стандарттың А1.2 деңгейіне сәйкес келетін білім деңгейіне қол жеткізу. Мазмұны: ауызша және жазбаша қарым-қатынастың сөйлеу дағдыларын дамыту, шет тілінде сөйлеуді тыңдау арқылы қабылдау дағдыларын дамыту, А1.2 деңгейінде коммуникативті дағдыларды қолдану, түпнұсқа мәтіндерді оқу. Құзыреттер: әңгімелесуге, шет тілінде сөйлеуді түсінуге мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру.	5
9	ФРАНЦУЗ ТІЛІ. А2 (А2.1) ДЕҢГЕЙІ	
	Мақсаты: А 2.1 деңгейінде коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілікті жетілдіру Мазмұны: кәсіби сипаттағы әңгімеге қосыла білу; оқу мен жазудың түрлерін дамыту, француз тіліндегі мамандық бойынша түпнұсқа жазбаша және ауызша мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну. Құзыреттер: еуропалық тіл портфелінің А2.1 деңгейіне сәйкес келетін тілдік, сөйлеу және коммуникативтік материалды меңгеру.	5
10	ФРАНЦУЗ ТІЛІ. А2 (А2.2) ДЕҢГЕЙІ	
	Мақсаты: А2.2 деңгейінде коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілікті жетілдіру. Мазмұны. Жұмыста, оқуда, бос уақытта туындайтын нақты хабарламалардың идеяларын түсіну және оқиғаларды сипаттау, өз пікірлері мен болашақ жоспарларын баяндау және негіздеу. Тақырыптар жұмыста, оқуда, бос уақытта туындайтын жағдайлармен байланысты. Құзыреттіліктер: А 2.2 деңгейіне сәйкес келетін тілдік, сөйлеу және коммуникативтік материалдарды меңгеру	5
11	ФРАНЦУЗ ТІЛІ. В1 (В1.1) ДЕҢГЕЙІ	
	Мақсаты: В1.1 деңгейінде дипломатия және халықаралық құқық саласында кәсіби қызметті табысты жүргізу үшін қажетті негізгі құзыреттерді пысықтау Мазмұны: студенттерді әртүрлі тақырыптағы көлемді күрделі мәтіндерді түсінуге, жасырын мағынаны тануға, сөздер мен сөз тіркестерін таңдауда қиындық туғызбай, өздігінен тез сөйлеуге үйрету. Құзыреттер: В1.1 деңгейіне сәйкес келетін тілдік, сөйлеу және коммуникативтік материалды меңгеру.	5
12	ФРАНЦУЗ ТІЛІ. В1 (В1.2) ДЕҢГЕЙІ	
	Мақсаты: курс қорытындысы бойынша еуропалық тілдік стандарттың В1.2 деңгейіне сәйкес келетін білім деңгейіне қол жеткізу. Мазмұны: зерттелген кәсіби бағдарланған тақырыптар аясында сөйлеу, оқылған немесе естігендердің мазмұнын жеткізу, бағалау мен өз пікірін білдіру, коммуникативтік қорды арттыру жағдайларға байланысты жүзеге асырылады. Құзыреттер: В1.2 деңгейіне сәйкес келетін тілдік, сөйлеу және коммуникативтік материалды меңгеру.	5
13	ФРАНЦУЗ ТІЛІ. В2 ДЕҢГЕЙІ	
	Мақсаты: В2 деңгейінде коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілікті жетілдіру. Мазмұны: халықаралық құқықтың қазіргі заманғы мәселелері бойынша ғылыми мақалалар мен хабарламалар. Дипломатия және халықаралық құқық	5

	мәселелері бойынша пікірталасқа белсенді қатысу, өз пікірін түсіндіру және қорғау. Дипломатия және халықаралық құқықтың өзекті мәселесі бойынша "жақтау" және "қарсы" барлық дәлелдерді айту. Құзыреттіліктер: өз ұстанымын дәлелдеу заңнамаға сілтеме жасай отырып, эссе, баяндама, ғылыми жұмыс жазу.	
	Коммуникативтік-тілдік модуль 2	
14	КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТЕГІ ШЕТ ТІЛІ І	
	Мақсаты: сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу) бойынша коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру. Мазмұны: коммуникативті дағдыларды қолдану, коммуникативті-мәдениаралық құзыреттілікті қалыптастыру. Студенттерді қарапайым тақырыптарда сөйлесуге, өткен, қазіргі және болашақ туралы айтуға, қарапайым сөздерді түсінуге, іскери хат хабарламалар жазуға үйрету. Дағдылар: ағылшын тілінде логикалық тұрғыдан дұрыс және анық жазбаша және ауызша сөйлейді.	7
15	КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТЕГІ ШЕТ ТІЛІ ІІ	
	Мақсаты: кәсіби деңгейде коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілікті жетілдіру. Мазмұны: ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдыларын дамыту, шетелдік сөйлеуді есту қабілеттерін дамыту. Танысу, телефон арқылы сөйлесу, қонақүйде билет пен нөмірге тапсырыс беру, келісімді талқылау және қол қою, келіссөздер жүргізу, іскерлік хат-хабарлар сияқты типтік жағдайларда ауызша және жазбаша іскерлік қарым-қатынас негіздерін үйрету. Дағдылар: шетелдік сөйлеуді есту арқылы түсіну, сонымен қатар өнімді жазбаша сөйлеуді меңгеру.	5
16	КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТЕГІ ШЕТ ТІЛІ ІІІ	
	Мақсаты: халықаралық құқық саласындағы кәсіби деңгейде коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілікті жетілдіру. Мазмұны: ауызша және жазбаша қарым-қатынастың сөйлеу дағдыларын дамыту, күнделікті және кәсіби сипаттағы әңгімеге қатысу мүмкіндігі; оқу мен жазудың әртүрлі түрлерін дамыту. Құқық мамандығы шеңберінде ағылшын тілін оқу және іскерлік коммуникация дағдыларын меңгеру. Құзыреттіліктер: әңгімелесуге, шетелдік сөйлеуді құлақпен түсінуге мүмкіндік беретін коммуникативті құзыреттіліктерді қалыптастыру.	5
17	КӘСІБИ ШЕТЕЛ ТІЛІ І	
	Мақсаты: кәсіби қатынаста шет тілін белсенді қолдану үшін мамандық тілін практикалық меңгеру. Мазмұны: мамандық мазмұнына сәйкес кәсіби мамандандырылған шетелдік терминология. Заң терминдерінің анықтамаларын, шет тіліндегі негізгі ұғымдар мен құқықтық категорияларды білу. Қазақстан Республикасының заңнамасын ағылшын тілінде зерделеу. Құзыреттер: заң терминологиясымен жұмыс істеу, шет тілінде заң терминдерімен жұмыс істеу құзыреттіліктерді қалыптастыру.	5
18	КӘСІБИ ШЕТЕЛ ТІЛІ ІІ	
	Мақсаты: курс қорытындысы бойынша кәсіби деңгейге сәйкес білім деңгейіне жету Мазмұны: кәсіби хабарламаларды есту арқылы қабылдау. Екі жақты аударма дағдылары. Зерттелген кәсіби бағдарланған тақырыптар аясында сөйлеу, оқылған немесе естігендердің мазмұнын жеткізу, пікір мен бағалауды білдіру, коммуникативтік қорды арттыру жағдайларға байланысты жүзеге асырылады. Құзыреттер: кәсіби және іскерлік қарым-қатынас жағдайында шет тілін практикалық меңгеру.	5

20	КӘСІБИ ШЕТЕЛ ТІЛІ ІІІ	
	Мақсаты: халықаралық құқық саласында кәсіби қызметті табысты жүргізу үшін қажетті негізгі құзыреттерді пысықтау Мазмұны: мамандықтың кәсіби бағытталған сөйлеу тақырыбы. Мамандық бойынша пәндік сала мазмұнының ағылшын тіліндегі сипаттамасы. Халықаралық құқық салаларының лексикасы. Кәсіби салаға жақын ситуацияларды талдай отырып, тақырыптық мәселелерді шешу. Қазақстан Республикасының заңнамасын ағылшын тілінде зерделеу және талдау. Құзыреттілігі: ағылшын тілінде кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.	5
21	ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ	
	Мақсаты: пікірталас кезінде өз көзқарастарына сендіру, дипломатиялық келіссөздер жүргізу дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: халықаралық ұйымдар, халықаралық конференциялар және күнделікті дипломатиялық қызмет шеңберінде халықаралық аренада өзара қарым-қатынасты жеңілдетуге бағытталған қызмет саласы. Ағылшын тіліндегі халықаралық шарттарды зерттеу және талдау. Дипломатиялық құқық бойынша сөздік қорын кеңейту. Құзреттілігі: дипломатиялық және консулдық қызметте дипломатиялық ағылшын тілін қолдану.	5
	Білім беру траекториялары	
22	Халықаралық жария құқық саласындағы заңгер	
	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ЖЕР ҚҰҚЫҒЫ	
	Мақсаты: студенттердің жер дауларын шешу кезінде жер заңнамасын қолдану дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: жер қатынастарының субъектілері, объектілері, мазмұны. ҚР және шет елдердегі жерге меншік құқығы және өзге де құқықтар. ҚР және шет елдердегі жер пайдалану түрлері. Жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау. Жер дауларын шешу. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құқықтық режимі. Шетелдік субъектілерге жерді жалға беру ерекшеліктері.	4
23	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ	
	Мақсаты: қарулы қақтығыстар жағдайында адам құқықтарын қорғау саласындағы білімді, сондай-ақ халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын қолдану дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: халықаралық гуманитарлық құқық: пәні, мақсаттары, көздері. Соғыс құрбандарын халықаралық қорғау. Тыйым салынған соғыс құралдары мен әдістері. Соғыс қимылдарына қатысушылар: жауынгерлер мен жауынгерлер емес. Әскери оккупация түсінігі мен режимі. Соғыстың басталуы мен аяқталуы.	5
24	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ПРОЦЕСІ	
	Пәннің мақсаты қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы мемлекеттік басқарудың өзекті мәселелерін, атқарушы билікті іске асырудың нысандары мен әдістерін, әкімшілік процесті, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын және әкімшілік жауапкершілікті зерделеу, басқару саласында туындайтын әкімшілік істерді шешу дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы, әкімшілік жауапкершілікке тарту тәртібі, әкімшілік жазалардың түрлері, мемлекеттік қызмет, әкімшілік процесс, әкімшілік даулар. Әкімшілік істердің фактілері мен мән-жайларын дұрыс саралау.	5

	Халықаралық жеке құқық саласындағы заңгер	
26	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ	
	Пәннің мақсаты студенттердің инвестициялық қатынастарды құқықтық реттеу және инвестициялық шарттар жасасу саласындағы білімдері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: инвестициялық қызметті жүзеге асыру нысандары, инвесторлардың құқықтарын қорғау кепілдіктері мен тәртібі. Шетелдік инвестициялардың халықаралық-құқықтық режимі. Инвестицияларды реттеу саласындағы халықаралық шарттар. ҚР-дағы шетелдік инвесторлардың құқықтық мәртебесі. Мемлекеттік инвестициялық саясаттың негізгі бағыттары. Қазақстандағы қазіргі заманғы инвестициялық заңнама. Инвестициялық преференциялардың тәртібі мен негіздері.	4
27	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРБИТРАЖДЫҚ ПРОЦЕСС ЖӘНЕ МЕДИАЦИЯ	
	Пәннің мақсаты: студенттердің төреліктермен азаматтық-құқықтық дауларды шешуде практикалық дағдыларды игеруі; процессуалдық құжаттарды, арбитраждық ескертпелерді, медиация келісімдерін дайындау дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: төрелік процесіне қатысушылар. Төрелік шешімдер және төрелік шешімдерді орындау. Халықаралық соттылықтың түрлері. Іс жүргізу сабақтастығы, негіздері. Процессуалдық қатысу: түсінігі мен түрлері. Арбитраж процесінде дәлелдемелер мен дәлелдемелер. Төрелік сотта талап қою және іс қозғау. Медиация. Партиципативті рәсім	5
28	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚҰҚЫҚ	
	Мақсаты: монополияға қарсы реттеу саласындағы мәселелерді шешу үшін бәсекелестік құқықтық қатынастарды құқықтық реттеу бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру. Мазмұны: бәсекелестікті қорғау. Монополиялық қызмет. Жосықсыз бәсекелестікті құқықтық реттеу және оның Қазақстан Республикасындағы және шет елдердегі құқық қолдану практикасы. Монополиялық қызмет үшін жауапкершілік. Нақты бәсекелестік құқықтық қатынастардағы құқықтық дауларды шешу кезінде заңнама нормаларын талдау және қолдану.	5